

Список использованной литературы

1. Афанасьева О. В. Использование ИКТ в образовательном процессе. – www.pedsovet.org
2. Герасимова Е.К. Технология проектирования электронных учебных материалов на основе веб-сервисов. Информатика в образовании. Журнал. №2-2015г.
3. Интернет ресурс: www.LearningApps.org
4. Интернет ресурс: www.Web2.0
5. Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы, перспективы использования – М.: Школа-Пресс, 1994.

ИНТЕРАКТИВТИ ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ӘЗІРЛЕУГЕ SMARTNOTEBOOK ПРОГРАММАСЫН ҚОЛДАНУ

*Авторлар: Ерсұлтанова З.С., т.ғ.к., доцент,
Төребекова Н., Пернебай Б.,*

*«Информатика» мамандығының 3 курс студенттері
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті*

Информатика сабағында дамыта оқытудың моделін іске асыруға не қажет. Біріншіден, информатиканың білім беру процесінің концепциясын оқыту мен тәрбиенің бірігуі сияқты емес, даралықтың дамуы, қабілеттіктердің қалыптасуы, оқыту мен тәрбиенің органикалық түрде тұтасуы сияқты қабылдау қажет. Екіншіден, білім беру процесінің негізгі қатысушыларының; басқарушылардың, мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың өзара қарым-қатынас сипатын анықтау қажет. Үшіншіден, тиімді білім беру процесінің критерийлерін белгілеу қажет. Мұғалімнің кәсіби ұстанымы – талқыланатын тақырыптың мазмұны бойынша оқушының кез-келген пікірін білу және оған құрметпен қарау. Ол сабақта қандай материалды мәлімдейтінін ғана емес, сонымен қатар осы материал бойынша қандай мазмұнды сипаттамалар оқушылардың субъектік тәжірибесінде (әр түрлі мұғалімдерде олардың өткен оқытуының және жеке өмірлік іс әрекетінің нәтижесі ретінде) болуы мүмкін екенін ойлауы тиіс [1].

Егер дәстүрлі сабақта мұғалім материалды хабарлауға (лекция сабақ, тәжірибе сабақ), жұмыстың фронталды әдістеріне (тапсырмаларды орындаудың өзіндік, тексеру, сынақ нысандары) көп көңіл бөлсе, онда дамытушы сабақта ол әрбір оқушының жеке басының іске асырылуы үшін барынша қолайлы жағдайларды жасау мақсатында өзіне үйлестірушінің, диалогты, полиглотты ұйымдастырушының, оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескерумен (тек үлгерімді ғана емес), оларды топтарға бөлуде көмекшінің рөлін қабылдауы тиіс.

Қазіргі білім беру жүйесінде жоба кең түсіндірмесін түсініктер және білім технологиясы – «жобалар әдісі» деп ажыратады.

Жобалар әдісі – оқушылар білім мен дағдыларды біртіндеп күрделенетін тәжірибелік тапсырмалар – жобаларды орындауды жоспарлау процесінде алатын оқыту жүйесі [2].

Жобалар әдісі (жобалық әдістеме) білім беру технологиясы сияқты бұл – кез келген қызметтің белгілі тәжірибелік және теориялық білімдерін меңгерудің амалдар мен тәсілдер жүйесін белгілейтін дидактикалық категория. Бұл қандай да бір тәсілмен рәсімделетін тәжірибелік нәтижемен аяқталатын проблеманы (технологияны) толық әзірлеу арқылы дидактикалық мақсатқа қол жеткізу тәсілі.

Дидактикада жобалар әдісі деп оқушылардың жоспарлау және нәтижелерін міндетті түрде көрсетумен белгілі тәжірибелік тапсырмаларды өз бетінше орындау процесінде білімдерді алуға және дағдылануға мүмкіндік беретін оқу-танымдық тәсілдердің жиынтығын түсінеді.

Біздің қоғамымыздың қарқынды ақпараттандырылуы кезеңінде ашық қоғамда өмір сүруге қабелетті, шынайы өмірдің барлық сан алуандығымен қарым-қатынас жасай алатын және өзара әрекеттесе алатын, әлем және оның ақпараттық бірлігі туралы жалпы түсінігі бар оқушыларды тәрбиелеуде қажеттілік өсті. Сондықтан оқушыларды дамыту үшін қажетті ақпаратты жинау және болжам айту, қорытындылар және ой тұжырымдар жасау, ақпаратпен жұмыс жасау үшін жаңа ақпараттық технологияларды қолдану дағдылары маңызды мәнге ие. Осы міндетті информатика орындайды.

Өзінің пайда болу уақытынан бастап, информатика курсы осы пәннің мазмұнында көрінетін өзгерістерге ұшырауда. Соңғы жылдардың құжаттарында оқытудың әдістемелік жүйесінің өзгеруінің маңызды бағыты ретінде білім беру мазмұнының міндетті минимумына арнайы таңдалған қызмет тәсілдерінің, техникалардың және технологиялардың, негізгі біліктіліктің және басқа процедуралық элементтердің енгізілуін атайды.

Мәселе, информатика курсына бөлінетін сағаттар саны жаңа базистік оқу жоспарына сәйкес сынып профиліне қарай қатты ерекшеленеді, және белгілі жолмен информатика курсының мазмұнын және құрылымын оңтайландыру қажет. Оқушылардың толыққанды танымдық қызметі оларда бастаманың, белсенді өмірлік ұстанымның, зеректіктің және өз бетінше өз білімдерін толықтыру, әр түрлі қайнар көздерден, оның ішінде ғаламтордан қарқынды ақпарат ағынында жөн табу дағдының дамуының басты шарты болып келеді. Тұлғаның осы қасиеттері негізгі біліктіліктері болып табылады. Олар оқушыда оның оқу тапсырмалардың – жобалық жұмыстардың ерекше түрін орындау процесінде проблемалық-іздеу қызметтің сипатына ие болатын өзіндік танымдық қызметке қосу жағдайында ғана қалыптасады.

Информатика пәнінде жобалық әдіс танымды белсендететін және тереңдететін проблемалық оқуды іске асыруға мүмкіндік береді, өз бетінше ойлау қабілетіне және қызметке, өзін-өзі ұйымдастырудағы жүйелік тәсілдемеге үйретуге мүмкіндік береді, топтық өзара әрекетке оқытуға, оқушылардың шығармашылық бастамасын дамытуға мүмкіндік береді. Жобалар әдісі әрқашан белгілі уақыт кескіні ішінде орындайтын оқушылардың өзіндік, жеке, жұптық, топтық қызметіне бағытталады. Бұл әдістеме оқытуға

деген топтық әдістемемен шектеулі үйлеседі. Жобалар әдісі әрқашан бір жағынан оқытудың әр түрлі әдістерінің, құралдарының қолданылуын, екінші жағынан ғылымның, техниканың, технологияның, шығармашылық салалардың түрлі жолдарынан білімдерді, дағдыларды интегралдауын қарастыратын қандай да бір мәселенің шешуін болжайды. Осы әдістің қолданылуы оқу процесін шығармашылық, ал оқушыны – емін-еркін және талапкер етеді. Жобалармен жұмыс жасау кезінде шығармашылық жұмыс ахуал орнығады, бұл кезде қарқынды өз бетімен оқу және өзара оқыту жүріп жатқан жағдайда кез келген өзіндік жұмыс, жаңа, зерттелмеген материалдың тартылуы қолдау көреді, адамның шығармашылық даралығының өздігінен дамуына және оның рухани ахуалының ашылуына жағдай жасалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Селевко Г.К., Современные педагогические технологии. – М.: «Народное образование», 1998.

2. Соломко Л.Г., Яровенко Л.В. Педагогический словарь работника профессионального образования. Серия «Формирование социально открытой системы непрерывного профессионального образования как условия ее саморазвития». Вып. 101. – Ноябрьск: НКПиИТ, 2005.

3. Иванов Д.А., Митрофанов К.Г., Соколова О.В. Компетентностный подход в образовании. Проблемы, понятия, инструментарий. – М.; 2003.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ГЕОМЕТРИЯ САБАҒЫНДА «ТӨРТБҰРЫШТАР» ТАҚЫРЫБЫНДА ҚОЛДАНУ

Авторы: Ертай Т.А., «Математика» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: Асканбаева Г.Б., аға оқытушы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев инновациялық болашаққа жол – жалпы ұлттық басымдық ретінде жария етіп, бұл мақсатқа жету жолында Қазақстанды әлемдік деңгейдегі білім орталығына айналдыру қажеттігін атап өткен еді. Осы инновациялық болашақтың негізгі тіректерінің бірі математика ғылымы мен білімінің дамуында жатыр.

«Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясында» былай делінген: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Біз болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми қамтымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауға тиіспіз. Осы заманғы білім беру жүйесінсіз әрі алысты барлап, кең ауқымда, жаңаша ойлай білетін осы заманғы басқарушыларсыз біз инновациялық экономика құра алмаймыз. Барлық деңгейдегі технологиялық және кәсіптік білім беруді дамытуға бағытталған тиісті шаралар қолдануымыз шарт»-деп «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты президент жолдауында атап